

БАСАСӨЗ ПАРАҒЫ

31 мамыр 2016 жыл

Астана қаласы

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін қаржы қызметінің төлемдер жүйесін кеңейтті

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ «ҚазПошта» АҚ бөлімшелері арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін қаржы қызметінің төлемдер жүйесін кеңейтті. Бұл туралы меморандумға «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ басқарма төрайымы Гүлнәз Атамқұлова мен «ҚазПошта» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин қол қойды.

Құжаттың негізгі мақсаты – агроөнеркәсіп кешенін кредиттік серіктестіктер жүйесі арқылы несиелеудегі қызмет түрлерін ауыл тұрғындарына қол жетімді ету. Меморандум аясында тараптар «ҚазПошта» АҚ облыстық, қалалық, аудан орталықтары мен қала аудандарындағы бөлімшелерінде кредиттік серіктестіктерге есептік қалалық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға келісім жасасты.

«Бұл құжаттардың нәтижесінде енді ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өзі тұратын ауылды мекеннен аудан орталығына бармай-ақ, «Қазпоштаның» барлық облыс пен республиканың кез келген аудан ауылдарындағы бөлімшелері арқылы қарыздарын өтеулеріне болады. Осылайша, несиені өтеудің механизмдері агроөнеркәсіп кешені субъектілері үшін жайлы бола бастады», - деді «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ басқарма төрайымы Гүлнәз Атамқұлова.

Г.Атамқұлованың атап өткеніндей, Корпорация қызметінің маңызды бағыты – кредиттік серіктестіктер арқылы өздерінің қатысушылары болып табылатын шағын және орта ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне несиелік қаражаттарын беру. Осы қаржының арқасында кредиттік серіктестік мүшелері өздеріне қажет жаңа техниканы сатып алу мен қатар түрлі нысандарды қайта жөндеуден өткізіп, айналым қаражатын толтыра алады.

Сондай-ақ, «ҚазПошта» АҚ мен «Агроөнеркәсіп кешеніндегі кредиттік серіктестіктер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі арасында өзара меморандум жасалды. Болашақта Қауымдастық өз тарапынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне ұсынылған қызмет түрінің шарттарын түсіндіретін болады.

Анықтама:

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ, 2001 жылы ҚР Үкіметі қаулысымен құрылған компания. Негізгі мақсаты – аграрлық саланы Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіпкешені субъектілерін қолжетімді несиелеу жүйесін дамыту арқылы индустриаландыру және әртараптандыру. «ҚазАгро» Ұлтық басқарушы холдингінің құрамына кіреді.

«Қазпочта» АҚ – почталық, қаржылық және логистикалық қызметтерді ұсынатын Қазақстан Республикасының ұлттық почта операторы. Дүниежүзілік почта одағының мүшесі, VISA International және MasterCard Worldwide халықаралық төлем жүйелерінің принципті қатысушысы. «Самұрық-Қазына» АҚ компанияның жалғыз акционері болып табылады.

**«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ,
баспасөз қызметі
8 (7172) 55 99 16**